

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XVIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS  
of the XVIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023  
Астана**

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**  
**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII  
Международная научная конференция студентов и молодых  
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International  
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE  
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-337-871-8**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**

**ISBN 978-601-337-871-8**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2023**

уәкілдің мандатын қабылдадым. Осы уақыт ішінде бірқатар елеулі нәтижелерге қол жеткіздік», - деді ол.

Сайынның айтуынша, соңғы жетістіктердің бірі – орфанды аурулары бар балаларды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету мәселесін шешу. «Себебі көптеген жағдайларда бұл мәселенің құны – баланың өмірі. Ақырында біз оны Денсаулық сақтау министрлігінің үш бұйрығына Қазақстандағы балаларды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге қатысты өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы шештік. Қазір ортақ дистрибьютор арқылы республикалық бюджеттен дәрі-дәрмектің басым бөлігіне орталықтандырылған сатып алу ұйымдастырылды, себебі оны жергілікті атқарушы билік деңгейінде шешу мүмкін емес. Біз қалған препараттарды осы тізімге қосу бойынша жұмысты жалғастырып жатырмыз», - деді ол. Оның айтуынша, өткен жылдың соңында Мемлекет басшысына қазірдің өзінде басталған реформалар туралы – оларды белсендірек ілгерілету жөнінде, сондай-ақ өмір сүру, даму үшін және балалардың қауіпсіздігі үшін барынша қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған жаңа реформалар туралы ұсыныстарын айтқан.

Қорыта айтар болсақ, биылғы балалар жылына арналған іс-шаралар легі осындай. Президент айтқандай мұның бәрі жалаң ұран мен мерекелік шаралар деңгейінде қалып кетпесе, аталған жобалардың бәрі де балалардың, әсіресе мүмкіндігі шектеулі балалардың денсаулығын жақсартуға, сапалы білім алып, балалардың креативті ойлауына, өздерін дамытуға ықпал етері сөзсіз.

«Балалар жылы»: Келешектің тұтқасы білімді ұрпақта

#### Қолданылған әдебиеттер

1. <https://el.kz/amp/balalardy-or-au-zhylynda-at-arylar-yruar-is-k-p-41677/>
2. <https://egemen.kz/article/312628-bar-dgaqsymyz-%E2%80%93-balalargha>
3. <https://baq.kz/amp/news/othernews/turkistanda-balalar-alany-na-arnalghan-17-nysannyn-qurylysy-zhurip-zhatyr-283905/>

УДК 314.72

### ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕ – ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ІШКІ МИГРАЦИЯНЫҢ ДЕТЕРМИНАНТЫ

Әскербек Зарина Серікқызы

[zarinaaskerbek1@gmail.com](mailto:zarinaaskerbek1@gmail.com)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Әлеуметтік ғылымдар факультетінің 1 курс магистранты, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекші – Смағамбет Б.Ж., э.ғ.к., доцент

**Аннотация:** Мақалада әлемдегі экологиялық мәселелердің, әсіресе климаттың өзгеруінен туындап отырған миграциялық іс-әрекеттердің қазіргі тенденциясы баяндалады. Соның ішінде, Қазақстандағы экологиялық мәселеге байланысты ішкі миграцияның орын алу процесі, сондай-ақ, «экологиялық мигранттар» санының қазіргі кездегі өсу тенденциясын анықтау, экологиялық мәселелерге байланысты көші-қон түрлерін айқындап, мемлекет тарапынан атқарылып жатқан бағдарламаларға талдау жасалынады. Мәселенің ғылыми маңыздылығы мен теориялық негізі анықталады.

**Негізгі ұғымдар:** экологиялық миграция, экологиялық мигрант, экологиялық босқын, техногендік апаттар, ішкі миграция, мәжбүрлі экологиялық көші-қон, ерікті экологиялық көші-қон, географиялық детерминизм, әлеуметтік мобилдік.

Экологиялық көші-қон жаңа құбылыс емес. Адамдар әрқашан өз өмірін сақтап қалу үшін немесе жасыл жайылымдар мен балама өмір сүру құралдарын іздеу үшін қоныс аударған. Экологиялық көші-қонның жаңалығы – 2000 жылдардың ортасынан бері осы

тақырыпқа саяси назар аударуында. Климаттық өзгерістің теріс ықпалы қоршаған ортаны қорғау мәселесін «жаһандық күн тәртібіне енгізді», әлемдік көшбасшылар жыл сайын Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі жөніндегі негіздемелік конвенциясы (UNFCCC) бойынша міндетті келісімдерге қол қояды. Ол 2015 жылғы Париж келісімін қабылдаумен аяқталды, бұл тарихи декарбонизация қадамы және мигранттардың адами құқығын мойындайтын алғашқы климаттық келісім. Сонымен бірге, 2015 жылғы Жерорта теңізіндегі көші-қон дағдарысы қауіпсіз, тәртіпті және тұрақты халықаралық көші-қонның маңыздылығын арттырды. Осы көші-қон бойынша бірінші жаһандық келісімді, 2018 жылғы Көші-қон жөніндегі жаһандық шартты (GCM) келіссөздер жүргізуге және қабылдауға әкелді, бұл – ең бастысы, қоршаған орта миграцияның қозғаушы күші екенін мойындайды.

Экологиялық көші-қонға, ағымдағы қозғалыстарды бағалаумен салыстырғанда, көбірек назар аударылуы - оның масштабы мен заңдылықтарын көрсететін болашақ болжамдарға байланысты. Атап айтқанда, ішкі көші-қон ағымдағы және болашаққа болжам жоспарында ең жоғары деңгейге жетеді. 2008 және 2018 жылдар аралығында табиғи апаттар орта есеппен 24 миллион адамның ішкі қоныс аударуына әкелді. Тек 2021 жылдың өзінде табиғи апат салдарынан 23,7 миллион адам ел ішінде қоныс аударған. 2050 жылға арналған болжамдар, егер біз күшті климаттық шараларды қабылдасақ, шамамен 216 миллион адам ішкі климаттық мигранттарға айналуы мүмкін екенін көрсетеді<sup>1</sup>.

Ағымдағы жылдардан бастап көші-қон мен қоршаған орта арасындағы байланыстарға ден қойылады деген болжам бар. Осы секілді ішінара жаңа БАҚ мен арналардың климат өзгерісінің жойқын ықпалын көрсетуі, сонымен қатар оның көптеген ұлттар үшін маңызды мәселеге айналуы қауіпсіздік мәселелерімен тығыз байланыста екенін көрсетеді.

Тағы бір аспект – халықтың хабардарлығын арттыру және саясаткерлердің экологиялық көші-қонды ұлттық, аймақтық және халықаралық күн тәртібіне енгізу талабы.

2023 жыл экологиялық көші-қон мәселесінің институттануына куә болуымыз мүмкін.

Экологиялық көші-қонды мемлекеттік саясат жұмысының ұзақ мерзімді бөлігіне айналдырады. Экологиялық көші-қон үшін арнайы адамдар және қаржылық ресурстарды ұлғайту, экологиялық көші-қон шешімдерін іздеудің ведомствоаралық тетіктерін құру, өңірлік саяси органдарда экологиялық көші-қон жөніндегі күн тәртібінің тұрақты тармағын енгізу немесе экологиялық көші-қон мәселесін шешу бойынша саяси декларациялар мен бағдарламалық міндеттемелерді қабылдау нысанында болуы қажет<sup>2</sup>.

Әлемдік миграция мысалындағы осы секілді тенденция Қазақстандағы орын алған миграцияның одан әрі қарай өсуіне алып келеді. Қазақстанның экологиялық жағдайы күрделі және аймақтарға қарай өзгеріп отырады. Елде өнеркәсіптік қызмет, ауылшаруашылық ағынды сулар және қазба отындарды жағу салдарынан ауа мен судың айтарлықтай ластануы байқалады. Үкімет осы сынды мәселелерді шешу үшін шаралар қабылдады, соның ішінде 2017 жылы Ұлттық экологиялық іс-қимыл жоспары қабылданды<sup>3</sup>.

Экологиялық түйткіл - көші-қонды анықтайтын негізгі фактор, өйткені адамдар климаттың өзгеруінен, табиғи апаттардан және басқа да экологиялық мәселеге қатысты көшуге мәжбүр болады. Кейбір жағдайларда адамдар жақсы экономикалық мүмкіндіктерді табу немесе қоршаған ортаның нашарлауын болдырмау үшін көшуге шешім қабылдайды.

Қазақстандағы көші-қонға да экологиялық проблемалар айтарлықтай ықпал етті. Климаттың өзгеруі нәтижесінде температураның жоғарылауы шөлейттену процесін жеделдетті, осының ықпалынан ауылшаруашылық жерлерінің қысқаруы және құрғақшылық қаупінің жоғарылауы мәселелері басымдыққа ие болды. Осындай мәселелер қалаларға ауылдық мигранттардың көшіп келуіне себеп болды, өйткені олар ауылдық жерлерде күн көре алмады. Ол өз кезегінде қалалық жерлерде халықтың көптігі мен ресурстардың

<sup>1</sup><https://www.genevapolicyoutlook.ch/walking-the-talk-of-environmental-migration-in-2023/>

<sup>2</sup> М.М. Перейра, И.С. Пушкас. 2023 жылғы экологиялық миграция туралы ақпараттар.

<sup>3</sup><https://ecogofond.kz/kz-2017-zhylda-y-aza-stan-respublikasyny-tabi-i-resurstaryn-pajdalanu-zh-ne-orsha-an-ortany-zhaj-k-ji-turaly-ltты-bajandama-ru-nacionalnyj-doklad-o-sostojanii-okruzhajushhej-sredy-i-ob-ispolzovanii-pr/>

қолжетімділігіне ауыртпалық салды. Көмір электр станциялары мен басқа да өнеркәсіптік көздерден туындаған ауаның ластануы денсаулықтың ауыр проблемаларына және тыныс алу жолдары кеселінің көбеюіне әкеліп соқтырды. Сонымен қатар, судың ластануы, су арқылы таралатын аурулардың көбеюіне және ластанған аймақтардан көші-қонның арту тенденциясына алып келді. Осы аталған экологиялық проблема көші-қон циклін құрды, онда адамдар экологиялық проблемаға байланысты үйлерінен кетуге мәжбүр болды, бұл көбінесе оларды осы ахуалдан зардап шеккен басқа аймақтарға көшуге мәжбүр етеді.

- Ауаның ластануы: Қазақстанда Орталық Азиядағы ауаның ластану деңгейі ең жоғары, ауаның текше метріне орта есеппен 7,8 микрограмм, бұл Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынған шектен екі есе артық.

- Судың ластануы: Қазақстандағы жер үсті суларының сапасы өнеркәсіптік ластану, ауыл шаруашылығы ағындары және адам қызметінің басқа түрлеріне байланысты төмендейді.

- Топырақтың ластануы: Ауыл шаруашылығы секторы - Қазақстандағы топырақтың ластануының негізгі көзі, пестицидтер мен тыңайтқыштар топырақ пен жер асты суларын ластайды.

- Ағаш кесу: ормандарды кесу – Қазақстандағы негізгі мәселенің бірі, өйткені ел ормандарының көп бөлігі ағаш, жайылым және құрылыс үшін кесіледі.

- Биоәртүрліліктің жоғалуы: мал жаю, браконьерлік және тіршілік ету ортасының жойылуы Қазақстанда биоәртүрліліктің жоғалуына әкелді, өсімдіктер мен жануарлардың көптеген түрлері жойылып кету алдында тұр.

Экологиялық жағдайдың нашарлауы экономикалық шығын мен өмір сүру деңгейінің төмендеуін туғызады. Жерді игеру процесі, жоғары өнімділікке ұмтылу қайтымсыз процестерге әкеліп соқтырды.

Орталық Азияда экологиялық миграцияның мысалы ретінде ХХ ғасырдың екінші жартысындағы Арал теңізінің тартылуымен қатысты орын алған экологиялық проблема аймақтар арасындағы көші-қон процестері көлемінің артуына және сол аймақтардағы экономикалық-әлеуметтік құрылымның өзгеруіне алып келді. Әмудария атырауындағы Арал теңізінің таяздануы экологиялық жағдайдың күрт нашарлауына, шөлейттенуге, топырақтың тұздануына әкеліп соқтырды және осы аумақта тұратын адамдардың өміріне үлкен қауіп төндіреді. Климаттық жағдайларда өзгерістер болды. Адамдардың едәуір бөлігі өз елінде лайықты өмір сүруге ғана емес, өмір сүруге де мүмкіндік таппай, көршілес елдер аумағындағы гүлденген жерлерге заңды және заңсыз қоныс аударуға мәжбүр болды.

Осы аймақтағы қоршаған ортаның деградацияға ұшырауы дәстүрлі еңбек нарығы мен жергілікті табыс деңгейіне айтарлықтай кері ықпал еткені, сондай-ақ халықтың, әсіресе әйелдер мен балалардың денсаулығына ықпал еткені кеңінен мойындалған. Сонымен бірге, аймақтағы экологиялық факторлардан орын алған қазіргі көші-қонның ауқымын, себептерін және сипатын қарастыру үшін ақпарат жеткіліксіз. Осы ретте экологиялық факторлардың есебінен Арал өңірінен көші-қон мәселелерін зерттеу тәжірибесін өңірден тыс экологиялық көші-қонды басқару тәсілдерін әзірлеу үшін пайдалануға болады.

Экологиялық көші-қонды басқару тәсілдерін әзірлеу Қазақстан үшін 2011 жылғы 22 шілдедегі № 477-IV «Халықтың көші-қоны туралы» Заңының қабылдануымен өзекті болды. Осы Заң азаматтардың отбасыларын экологиялық жағдайы ерекше қолайсыз жерлерден экономикалық перспективалы елді мекендерге мемлекеттік квоталар негізінде ұйымдасқан түрде көшіруді және қоныстанушы мәртебесін алуды көздейді<sup>4</sup>. Алайда, іс жүзінде бұл ережелер әлі күнге дейін жүзеге асырылған жоқ және оларды қалай қолдану керек, қандай елді мекендер мен өңірлер үшін, кім және қандай жағдайларда тиісті құқықтарды жүзеге асыра алады, соның ішінде көптеген сұрақтар жауапсыз қалды.

---

<sup>4</sup>Ни В., Тонкобаева А., Ильясова А. Экологическая миграция и ее последствия для социальной политики на примере Кызылординской области// Алматы, 2013.

Экологиялық проблемаларға байланысты көші-қон мәселесінің бірыңғай шешімі жоқ. Дегенмен, зерттелуі мүмкін кейбір шешімдерге мыналар жатады:

1. Жаңартылатын энергия көздері және энергия тиімділігі, сумен жабдықтау және санитарлық инфрақұрылымды жақсарту және табиғи ресурстарды басқару сияқты зардап шеккен аудандардағы тұрақты дамуды қолдау және инвестициялау;

2. Кедейлікті азайту және өмір сүру жағдайларын жақсарту мақсатында халықтың осал топтары үшін білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтерге қолжетімділікті қамтамасыз ету;

3. Мигранттар мен экологиялық босқындардың құқықтарын қорғайтын және қауіпсіз және лайықты көші-қонға ықпал ететін саясатты әзірлеу және орындау;

4. Өзгермелі климаттық жағдайларға бейімделе алатын және егіннің жоғалу қаупін төмендететін тұрақты және өміршең ауылшаруашылық жүйелерін дамыту;

5. Климаттың өзгеруінің салдарымен, соның ішінде теңіз деңгейінің көтерілуімен, ауа-райының күрт өзгеруімен, жиі және қатты құрғақшылықпен күресу үшін бейімделу стратегияларын әзірлеу және енгізу;

6. Экологиялық көші-қонның түпкі себептерін жақсы түсіну және тиімді шешімдерді табу үшін көші-қон мен қоныс аударудың себептері мен салдары туралы зерттеулер мен мәліметтер жинауға инвестицияларды көбейту.

### Қолданылған әдебиеттер

1. Электрондық ресурс: <https://www.genevapolicyoutlook.ch/walking-the-talk-of-environmental-migration-in-2023/>
2. М.М. Перейра, И.С. Пушкас. 2023 жылғы экологиялық миграция туралы ақпараттар.
3. Электрондық ресурс: <https://ecogofond.kz/kz-2017-zhylda-y-aza-stan-respublikasyny-tabi-i-resurstaryn-pajdalanu-zh-ne-orsha-an-ortany-zhaj-k-ji-turaly-lty-bajandama-ru-nacionalnyj-doklad-o-sostojanii-okruzhajushhej-sredy-i-ob-ispolzovanii-pr/>
4. Ни В., Тонкобаева А., Ильясова А. Экологическая миграция и ее последствия для социальной политики на примере Кызылординской области// Алматы, 2013.
5. К. Кайзер, Б.Султанов. Мигранты и вопросы их инклюзии в государствах евразийского пространства// Алматы: Исследовательский институт международного и регионального сотрудничества Казахстанско-Немецкого университета, 2017. – 228 б.

УДК 304.5

## ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫ АРАСЫНДАҒЫ СУИЦИД МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ ОНЫ ШЕШУДІҢ ЖОЛДАРЫН ӘЛЕУМЕТТІК ТАЛДАУ

Базарбаева Аяулым Көбейқызы

[bazarbayeva.05@list.ru](mailto:bazarbayeva.05@list.ru)

Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университетінің студенті, Алматы, Қазақстан.

Ғылыми жетекшісі: А.А. Бақытжанова

Өз-өзіне қол жұмсау – түсініспеушілік пен жалғыздықтан туындайтын проблема. Өрдайым адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасында түсініспеушілік орын алып жатса, ата-ана баласын түсіне алмаса, күйеуі әйелін түсінбесе немесе керісінше дегендей, жақын жандардың бір-бірін түсінбеуі осындай қайғылы оқиғаларға алып келеді. Суицид дегеніміз – адамдардың саналы түрде өмір сүруін тоқтату болып табылады [1].

Қазіргі кезде суицид мәселесі әлемдегі алдыңғы қатарлы мәселе болып отыр. Жалпы әлемде жыл сайын миллионға жуық адам өз өмірімен қош айтысып жатады. Олардың 8 мыңға жуық өкілдері қазақстандықтар. Яғни бұл дегеніміз Республикамызда сағат сайын бір адам өз еркімен өмірімен қош айтысуда. Орта Азия елдері бойынша бұл ең жоғарғы деңгейді